

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің адамдарды сатуға байланысты қылмысқа қарсы күрес, оны болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 сәуірдегі N 261 Қаулысы

Адамдарды сатуға байланысты қылмысқа қарсы күрес, оны болдырмау және оның алдын алу жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету және үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің адамдарды сатуға байланысты қылмысқа қарсы күрес, оны болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бір ай мерзімде адамдарды сатуға байланысты қылмысқа қарсы күрес, оны болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған өңірлік жоспарларды әзірлесін және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталық атқарушы және мемлекеттік органдар (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жыл сайын, 20 шілдеден және 20 қаңтардан кешіктірмей, Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын, 30 шілдеден және 30 қаңтардан кешіктірмей, Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 10 сәуірдегі  
N 261 қаулысымен

бекітілген

**Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.06.20 N 597 Қаулысымен.**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің адамдарды сатуға байланысты қылмысқа қарсы күрес, оны болдырмау және оның**

**алдын алу жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

P/c N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6
1.	БАҚ арқылы адамдарды сатуға қарсы күрес жөніндегі шараларды ақпараттық жария ету, ақпараттық науқандар өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Әділетмині (жинақтау), Мәдениетмині, ІІМ, СІМ, ҰҚК (келісім бойынша), Еңбекмині, БҒМ, ӘЮДСҰК (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жыл сайын, 30 шілде және 30 қаңтар	019 "Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" республикалық бюджеттік бағдарламасы, бағдарламаның әкімшісі Мәдениетмині
2.	Жоғары оқу орындарында және жалпы білім беретін орта оқу орындарында Құқық негіздері пәнінің бағдарламасына адамдарды сатуға байланысты қылмысқа қарсы күрес, оны болдырмау және оның алдын алу жөніндегі мәселелерді енгізу	Нормативтік құқықтық кесімнің жобасы	БҒМ (жинақтау), ІІМ, Әділетмині, ХҚҰ (келісім бойынша), ЕҚЫҰ (келісім бойынша)	2006 жылғы 2-тоқсан	025» "Білім беру жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету және білім беру қызметтерінің сапасын талдау" республикалық бюджеттік бағдарламасы, бағдарламаның әкімшісі БҒМ
	Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке меншік жұмысқа орналастыру агенттіктерінің	Мүдделі мемлекеттік органдардың, ҮЕҰ-ның, "сенім телефондары", "жедел желі" қызмет-	Еңбекмині (жинақтау), СІМ, ЕҚЫҰ (келісім		

3.	желісі бойынша шетелге шығу шарттары жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу	керлеріне арналған адамдарды сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі әдістемелік ұсынымдар	бойынша), ХҚҰ (келісім бойынша)	2006 жылғы 3-тоқсан	Қаржыландыру талп етілмейді
4.	Туристік қызмет субъектілерінің қызметін ұйымдастыруға байланысты адамдарды сату жөніндегі қылмыстарды болдырмау және олардың алдын алу мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсету	Мүдделі мемлекеттік органдардың, ҰЕҰ-ның, "сенім телефондары, "жедел желі" қызметкерлеріне арналған адамдарды сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі әдістемелік ұсынымдар	ИСМ (жинақтау), СІМ, ЕҚЫҰӨ(келісім бойынша), ХҚҰ (келісім бойынша)	2006 жылғы 3-тоқсан	Қаржыландыру талп етілмейді
5.	Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын балаларды асырап алу мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар даярлау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	БҒМ (жинақтау), БП (келісім бойынша), СІМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2006 жылғы 4-тоқсан	Қаржыландыру талп етілмейді
6.	Алматы қаласында адам саудасы құрбандарының уақытша тұруына арналған орталық құру	Қазақстан Республикасының	ӘІОДСҰК (жинақтау) (келісім бойынша), ПМ, Алматы қаласының		

	жөнінде ұсыныс енгізу (эксперимент тәртібімен)	Үкіметіне ұсыныс	әкімі, Әділетмині, Мәдениетмині	2006 жылғы 2-тоқсан	Қаржыландыру талап етілмейді
7.	Шетелдік мемлекеттерге заңсыз әкелінген, сондай-ақ басқа қылмыстардан зардап шеккен және форс-мажорлық жағдайларда қалған Қазақстан Республикасының азаматтарына қаржылық көмек көрсету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	СІМ	Жыл сайын, шілде және 30 қаңтар	010 Қазақстан Республикасының шетелдік мемлекеттерге заңсыз әкелінген және саудалаудың құрбандары болған, сондай-ақ шет елдерде басқа қылмыстардан зардап шеккен және форс-мажорлық жағдайларда қалған азаматтарына қаржылық көмек көрсету республикалық бюджеттік бағдарламасы, бағдарламаның әкімшісі СІМ
8.	Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін адам саудасы жөніндегі қылмыстарды анықтау, олардың жолын кесу әдістері мәселелері бойынша кәсіби дайындау	Оқыту семинарлары, тренингтер	ІІМ, БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), ЭСЖҚА (келісім бойынша), Қаржыминінің Кедендік бақылау комитеті, ЕҚЫҰ (келісім бойынша), ХКҰӨ(келісім бойынша)	Жыл сайын	011 Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау республикалық бюджеттік бағдарламасы, бағдарламаның әкімшісі ІІМ
	Адамдар саудасының құрбан-				

9.	<p>дары әкелінген, әкетілген және транзиттелген елдермен мыналар туралы халықаралық шарттардың жобаларын әзірлеу:</p> <p>1) қылмыстық істер және адамдарды беру жөніндегі құқықтық көмек;</p> <p>2) еңбек көші-қоны саласындағы ынтымақтастық;</p> <p>3) ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы күрестегі ынтымақтастық</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	<p>1) БП (жинақтау) (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар</p> <p>2) Еңбекмині (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар</p> <p>3) ІІМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар</p>	Жыл сайын, 30 шілде және 30 қаңтар	Қаржыландыру талап етілмейді
10.	Жұмысқа орналастыру агенттіктерінің, тұрғындарға тұрғылықты тұру үшін шетелге шығуды ресімдеу жөнінде қызметтер ұсынатын ұйымдардың, модельдік, туристік, некелік агенттіктердің қызметтерін тексеруді жүзеге асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	БП (жинақтау) (келісім бойынша), ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), ЭСЖҚА (келісім бойынша)	Жыл сайын, 30 шілде және 30 қаңтар	Қаржыландыру талап етілмейді
11.	Заңсыз еңбек көші-қон болдырмау мақсатында көші-қон процестерін талдауды жүргізу және болжау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	Еңбекмині (жинақтау), ІІМ, БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша)	Жыл сайын, 30 шілде және 30 қаңтар	Қаржыландыру талап етілмейді
	Адамдар саудасына байланысты қылмыстық істер мен				

12.	қылмыстар (ҚР ҚК 113, 125, 128, 133, 270, 271-баптары) бойынша қылмыстық-құқықтық статистиканы жүргізу және олардың тергеу нәтижелерін талдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	БП (жинақтау) (келісім бойынша), ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша)	Жыл сайын, 30 шілде және 30 қаңтар	Қаржыландыру талап етілмейді
13.	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің негізінде адамдар саудасына байланысты қылмыстар, оларды жасаған адамдар туралы мамандандырылған дереккөз құру мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	БП (жинақтау) (келісім бойынша), ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), ЭСЖҚА (келісім бойынша)	Жыл сайын, 30 шілде және 30 қаңтар	Қаржыландыру талап етілмейді
14.	ЕҚЫҰ/ДИАҚБ әзірлеген адамдар саудасының құрбандарын ұлттық деңгейде қайта бағыттау тетігін Қазақстан Республикасында енгізу шарттары жөнінде ұсыныс дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық (жинақтау) (келісім бойынша), ІІМ, Еңбекмині, БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), ЭСЖҚА (келісім бойынша), СІМ, ДСМ, Әділетмині	2007 жылғы 1-тоқсан	Қаржыландыру талап етілмейді
	Жалпы отырыста адамдар саудасына байланысты қылмыстық істерді тергеу кезінде туындайтын мәселелерді қарау,		ІІМ, ҰҚК (келісім)		

15.	сот практика-сын қорыту, сондай-ақ олар бойынша тиісті түсіндірмелер беру үшін Жоғарғы Сотқа жүгінуді практикаға енгізу	Қ Р Жоғарғы Сотына өтініш	бойынша), БП (келісім бойынша), ЭСЖҚА	2007-2008 жылдар	Қаржыландыру талап етілмейді
16.	Адамдар саудасына қарсы күрес саласындағы қызметті жүзеге асырушы ҮЕҰ-ға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде көмек көрсету	Ақпараттық, консультациялық, әдістемелік, ұйымдастырушылық-техникалық қолдау, жобалар	Мәдениетмині, Әділетмині, СІМ, ІІМ, БҒМ, Еңбекмині, БП (келісім бойынша), ӘІОДСҰК (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	тұрақты	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде республикалық, жергілікті бюджеттер

Ескерту: Мәдениетмині - Мәдениет және ақпарат министрлігі; ІІМ - Ішкі істер министрлігі; СМ - Сыртқы істер министрлігі; ИСМ - Индустрия және сауда министрлігі; ҰҚК - Ұлттық қауіпсіздік комитеті; Еңбекмині - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Әділетмині - Әділет министрлігі; БҒМ - Білім және ғылым министрлігі; ӘІОДСҰК - Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия; ЭСЖҚА - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы); ЭБЖМ - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі; Қаржымині - Қаржы министрлігі; БАҚ - Бұқаралық ақпарат құралдары; ҮЕҰ - Үкіметтік емес ұйымдар; ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы; ЕҚЫҰ - Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы; ХҚҰ - Халықаралық көші-қон ұйымы; ДИАҚБ - Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюро.